

"Павлодар машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1186 қаулысы

Қазақстан Республикасының экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар "Павлодар машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамын банкрот деп тануға байланысты, сондай-ақ "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) өндірістің технологиялық циклын қамтамасыз ететін мүліктік кешенді бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) сатуды;

2) лотты сатудың ең төменгі бағасын бірінші және екінші кезектегі кредиторлардың талаптарынан кем емес, сондай-ақ әкімшілік шығыстардың сомасынан кем емес етіп белгіледі;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Павлодар машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында конкурстық басқарушыға, конкурстық өндіріс кезеңіне шарттар жасасу құқығын беруді көздейтін қоғамның конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2 . М ы н а л а р д ы :

1) Қоғамның өндірістік қызметінің бейінін жүк көтеретін тетіктері бойынша 5 (бес) жыл бойы сақтау жөніндегі міндеттемелерді сатып алушының (бұдан әрі - Сатып алушы) қабылдауын;

2) Павлодар облысының әкімдігімен келісілген, жүк көтерімділігі 25 тоннаға дейінгі автокрандарды, жүк көтерімділігі 50 тоннаға дейінгі көпірлі, тағанды, консольды - бұрылмалы және металлургиялық крандарды, металлқұрастырмаларды, металлургиялық шөміштерді шығару, сондай-ақ жүк көтеретін тетіктердің жаңа түрлерін жобалау және енгізу бойынша Қоғамның даму бағдарламасының болуын;

3) конкурстық массаны сатудан түскен қаражат жеткіліксіз болған жағдайда Сатып алушының келісілген кесте бойынша 10 (он) жыл бойына кепілмен қамтамасыз етілген үшінші кезектегі кредиторлар алдындағы берешекті біркелкі өтеу жөнінде міндеттемелер қабылдауын;

4) Сатып алушының Қоғамның 500 адамнан кем емес сандағы қызметкерлерін жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді көздейтін лотты сатып алушыларға қосымша талаптар белгіленсін.

3. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК